



Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың нәтижелері мен мәселелері



Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
семинар материалдарының жинағы

***Қазақстанда және әлемде
көптілді білім беру ортасын
қалыптастыру: жүзеге
асырудың нәтижелері мен
мәселелері***

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар
материалдарының жинағы*

Нұр-Сұлтан – 2022

ӘОЖ
КБЖ
Қ

Рецензенттер:

Исина Г.И., филология ғылымдарының докторы, Қарағанды Е.Бөкетов ат. Университетінің профессоры

Загатова С.Б., филология ғылымдарының кандидаты, Еуразия гуманитарлық институтының профессоры

Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың қиындықтары мен аспектілері. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағы. - Ғылыми ред. Ф.ғ.д., профессор А.Е.Бижкенова. - Нұр-Сұлтан: ЖК «Булатов А.Ж.», 2022.- 135 б.

ISBN

Семинар Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің ғылыми декадасы шеңберінде, сонымен қатар Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА базасынды іске асырылатын ҚР ҒБМ «Білім және ғылым жүйесінің ғылыми модернизациясының негіздері» (2021-2023) атты жобалық-мақсаттық қаржыландыруының тақырыптық жоспарына сәйкес өткізілді, рег. OR11466474

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағына семинар қатысушылардың баяндамалары кірді. Мәтіндер авторлық стилінде сақталыңған. Орфографиялық және грамматикалық жағынан түзету жасалған жоқ.

Жинақ көптілді зерттеп жүрген мамандарға және білім алушыларға көзделген.

Құрметті оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға *Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың нәтижелері мен мәселелері* атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағы ұсынып отыр.

Семинар Еуразия ұлттық университетінің шетел филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен 2022 ж. 13 сәуірінде өткізілді. Халықаралық қатысушылардың ішінде Башқұрт мемлекеттік Ақмұлла атындағы педагогикалық университеті мен қатар Солтүстік-Батыс Федералды Аммосов атындағы университеттер бар.

Семинар тақырыбының маңыздылығына күмән жоқ, үш тілдік білім беру бағыты нақты назар талап ететін, еліміздің және әлем деңгейіндегі жалпы білім беру саласының маңыздығын көтеретін сұрақтардың бірі.

Өз еліміздің тіл саясатындағы қазақ тілді одан сайын дамыту, қазақша тілдік кеңістіктің өрісін кеңейту, басқа тілдерге жағдай жасату, жас өспірімдердің тілдік білімдерін қолдану деңгейіне жеткізу – осы және тағы да басқа сұрақтар әлі де өзінің дұрыс шешімін табуда.

Беріліп отырған жинақта семинар қатысушылардың жеке ойымен қатар жалпы Қазақстандағы және әлемдегі білім ошақтарында атқарылып жатқан жұмыстары, жаңалықтары мен жетістіктерімен қатар қиындықтары көрсетілген.

Жинақ мамандарға және білім алушыларға пайдалы болады деп сенеміз.

МАЗМҰНЫ

Біжкенова А.Е., Базарбекова Ж.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДЕРДІҢ ҮШТҰҒЫРЛЫҒЫ САЯСАТЫ - ОЗЫҚ БІЛІМ ҮЛГІСІНІҢ КӨРІНІСІ.....	6
Булатбаева К.Н. КАК ОБНОВЛЯТЬ СОДЕРЖАНИЕ ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВУЗАХ.....	17
Буркова Т.А. ПОЛИКУЛЬТУРНАЯ И/ЛИ ПОЛИЛИНГВАЛЬНАЯ ЛИЧНОСТЬ?.....	20
Дербишева З.К. ОПЫТ МНОГОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПОЛИКУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КЫРГЫЗСТАНА.....	24
Китибаева А.К. ПРОБЛЕМЫ ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ.....	28
Находкина А.А. ЯКУТСКИЙ ЭПОС ОЛОНХО НА ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКАХ.....	32
Aminova L.A. CONVERGENCE STRATEGIES: POLITENESS STRATEGY IN ENGLISH AND RUSSIAN LINGUOCULTUROLOGY.....	37
Анафинова М.Л., Дюсембаева И. Т. ЕЛ ИМИДЖІҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ВЕРБАЛДЫ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ЛИНГВО-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	41
Анафинова М. Л., Нагашибаева Г. М АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТІК СИПАТЫ.....	47
Ахметова Г.С. ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМУДЫҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	53
Бүлегенова И.Б., Г.К.Кенжетева ҚУАНЫШ ЭМОЦИЯСЫНЫҢ ТІЛДЕ БЕРІЛУІ.....	58
Гиберт О.С. ИМЯ СОБСТВЕННОЕ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ..	63
Буркова Т.А., Г.А. Дистанова ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКАЯ И ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКАЯ ЦЕННОСТЬ ФОЛЬКЛОРНЫХ ТЕКСТОВ, СОДЕРЖАЩИХ ТОПОНИМ (НА ПРИМЕРЕ НЕМЕЦКИХ ЛЕГЕНД И ПРЕДАНИЙ).....	67

Елеш А.Т. MYTHS AS A SOURCE OF THE FORMATION OF A PATRIOTIC PERSONALITY.....	72
Zhambylkyzy M., Yergalymova Z.Y. DEVELOPING COLLOCATIONAL COMPETENCE OF STUDENTS WITH THE HELP OF CORPORA IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE.....	78
Ксанова Д.М. ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ТЕРМИНЫ В СТРУКТУРЕ ГИДРОНИМОВ КАЗАХСТАНА И США.....	86
Куантаева Д.А. ИРОНИЧНОСТЬ КАК ЧЕРТА АНГЛИЙСКОГО КОММУНИКАТИВНОГО СТИЛЯ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЕЛЕВИЗИОННЫХ ПЕРЕДАЧ ВВС).....	92
Липустина О.М. ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ У СТУДЕНТОВ ЯЗЫКОВЫХ И НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В СВЕТЕ ТРЕБОВАНИЙ НОВЫХ СТАНДАРТОВ ОБУЧЕНИЯ.....	96
Мусина Р.Р. СТРАТЕГИИ ПЕРЕВОДА НАЗВАНИЙ АНГЛОЯЗЫЧНЫХ ФИЛЬМОВ НА НЕМЕЦКИЙ ЯЗЫК.....	100
Нуркенова Г.А., Дуйсекова А.А. ЗАГОЛОВОК В ПОЛИТИЧЕСКОМ ГАЗЕТНОМ ДИСКУРСЕ: ЛИНГВОПРАГМАТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	104
Оспанова А.Б. ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛИЯЗЫЧНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В КАЗАХСТАНЕ И МИРЕ: ВЫЗОВЫ И АСПЕКТЫ РЕАЛИЗАЦИИ.....	111
Рысбек Ж.Қ., Бижкенова А.Е. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨП ҚҰРАМДЫ ТЕРМИН СӨЗДЕР.....	114
Сәрсембай С.Б. ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН КЕДЕРГІЛЕРІ.....	119
Tlepbergen D. THE ROLE OF TRANSLANGUAGING IN MULTILINGUAL EDUCATION.....	125
Turganbekova A.M., Syzdykbayeva A.A. THE CONCEPT OF MILK IN THE KAZAKH AND ENGLISH LINGUISTIC PICTURES OF THE WORLD.....	130

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТІК СИПАТЫ

*Анафинова М. Л
Нагашибаева Г. М*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 4 курс студенті*

Түйіндеме: мақалада эвфемизм түсінігі талдана отырып, эвфемизациялау процессіне түсінік берілді. Эвфемизмдердің негізгі қызметтеріне, түрлеріне шолу жасалып, баспасөзде қолданылу аясына үңіле отырып, лингвомәдениеттану саласымен ұштастырылды. Сонымен қатар, қазақ және ағылшын баспасөзіндегі эвфемизмдердің мәдени сипаттарына мысалдар келтіріліп, талдау жасалынды.

Түйін сөздер: эвфемизм, эвфемизациялау процесі, баспасөз, лингвомәдениеттану, лингвомәдениеттік әдіс.

Аннотация: в статье проанализировано понятие эвфемизма, дано понимание процесса эвфемизации. Обзор основных функций, видов эвфемизмов был увязан с лингвокультурологической сферой, углубившись в сферу применения в печати. Кроме того, были приведены примеры и проанализированы культурные характеристики эвфемизмов в казахской и английской прессе.

Ключевые слова: эвфемизм, процесс эвфемизации, пресс, лингвокультурология, лингвокультурологический метод.

Abstract: the article analyzes the concept of euphemism, gives an understanding of the process of euphemization. The review of the main functions, types of euphemisms was linked to the linguistic and cultural sphere, delving into the scope of application in print. In addition, examples were given and the cultural characteristics of euphemisms in the Kazakh and English press were analyzed.

Key words: euphemism, the process of euphemization, press, linguoculturology, linguoculturology method.

Эвфемизм ұғымының нақты анықтамасын қалыптастыруға көптеген зерттеуші-ғалымдар әрекет жасаған. Эвфемизм ұғымын Отандық және шетелдік лингвистикада қарастыруды «эвфемизм» термині пайда болмаған кезеңнен бастаған дұрыс, себебі, нақты ұғым қалыптаспағанымен, эвфемизмдер тілде қолданылған. Зерттеуді ежелгі антикалық кезең - ораторлықтың гүлдену уақытынан бастасақ болады. Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырда эвфемизмдерді айтушы зұлым, жаман сөзден алыс болу үшін қолданған сөздер ретінде айтылған мәтіндер мен трактаттар пайда болған. Ал, орта ғасырларда эвфемизмдер үш түрлі қалыпта қарастырылады:

1. Ырымшылдықтан туындаған ұғымдарды алмастырушы;
2. Қарапайым түрде ойды жеткізуші;
3. Әдептілікті сақтау үшін қолданылатын сөздер [1, 17-18 б.]. Яғни, біріншісі наным-сенім нәтижесінде айтуға тыйым салынған немесе айтуға қорыққан сөздер: белгілі бір күштен, аурудан, т.б. алмастырған. Екінші типтегі

сөздер көп талқылана бермейтін тақырыптарға жататын сөздер, моралдық, этикалық нормаларға сай емес сөздерді ауыстырған. Үшінші ХІ ғасырда пайда бола бастаған сөздер: әлеуметтік және діни ұғымдардың орнын басу үшін қолданылған.

Ең алғаш рет «**эвфемизм**» термині (грек тілінен аударғанда euphemismos: eu - «жақсы» және phemi - «айтамын») 1656 жылы ағылшын тарихшысы, лексикограф Томас Блаунттың «Глоссография» атты еңбегінде «**a good or favourable interpretation of a bad word**», демек, жаман сөздің жақсы немесе оң түсіндірілуі [2, 13 б.] деген анықтама береді.

Қазіргі кезде эвфемизмдерді зерттеудің түрлі бағыттары бар. Алғашқысы **дәстүрлі лингвистика**, яғни, бұл бағыт бойынша эвфемияны эвфемизацияның құралы мен нәтижесі болатын синониммен байланыстырады. Ә. Ахметов өзінің еңбегінде эвфемизмге берген анықтамасында: «эвфемизм дегеніміз өңін айналдырған табу немесе тура атауына тыйым салынған ұғымның бет пердесі, бүркеніші немесе табудың жасанды синонимі» [3, 7 б.]. Бұл анықтама бойынша эвфемизм синоним мәндес деуге болады.

Келесі бағыт **әлеуметтік лингвистика**, эвфемизацияны диахронды аспектіде қарастыруға бағытталған. Көбінесе эвфемизацияны «табу», «саяси дұрыстық» терминдерімен салыстыра отырып зерттейтін бағыт болып табылады және бағыттардың ішінде ең кең таралғаны болып келеді. Е. Тюрина, О. С. Ахманова, Х. Фаулер, И. Р. Гальперин, Ю. М. Скребневтың зерттеулері әлеуметтік лингвистикалық бағытта жүргізілгендігін төмендегі пікірлерден анық байқауға болады.

«Эвфемизмдер-сөйлеушіге әдепсіз, дөрекі болып көрінетін синонимдік сөздер мен сөз тіркестерінің орнына қолданылатын эмоционалды бейтарап сөздер немесе тіркестер» [4, 261 б.]. Ахманованың анықтамасының ерекшелігі эвфемизмдерді не дөрекі емес, не тым сыпайы емес, яғни эмоционалды тұрғыда бейтарап деп көрсетеді.

Х. Фаулер: „эвфемизм-бұл жұмсақ, белгісіз немесе перефразистикалық өрнек, өрескел дәлдікті, жағымсыз шындықты алмастыру үшін қолданылады“ [5, 82 б.]. Фаулердің анықтамасынан эвфемизмнің көбіне шындықты бұрмалап, жеңіл түрде жеткізетіндігін көре аламыз.

И. Р. Гальпериннің пікірі де әлеуметтік лингвистикалық бағытқа жатады, оның айтуы бойынша эвфемизм дегеніміз сәйкес келмейтін сөзді немесе өрнекті сәйкес сөзге немесе өрнекке алмастырушы [6, 173 б.].

Ю. М. Скребневтың түсінігі бойынша эвфемизм әртүрлі стилистикалық өңдеулердің нәтижесі. Олар қоғамның қалыптастырған «табуландырылған» сөздерді сәл дөрекілеу сөздер мен өрнектерге алмастырады [7, 54 б.].

Үшінші бағыт **танымдық бағыт**, тілішілік қарым-қатынас аясында шектелмей, эвфемизацияны кең түрде зерттей отырып, атау берудің психикалық ақыл-ой деңгейінде қарастыруды ұсынады.

Ә. Хасеновтың „Тіл білімі“ кітабында: „эвфемизм – бір затты не құбылысты я болмаса бір оқиғаны сыпайылап жеткізу амалы; адамның көңіліне келмейтіндей, жұқалап, жайдарылап, майдалап, іштей ренжіп тұрса да, рахаттана баяндағандай айта білу тәсілі деп көрсетеді [8, 154-155 б.]. Яғни, Ә. Хасеновтың айтуынша эвфемизм эмоцияны жеткізудің бір тәсілі.

Лингвопрагматикалық бағыт сөйлеу қарым-қатынасына негізделген. М. Л. Кошкова эвфемизмді сөйлеу актісі ретінде сөйлеу коммуникациясында айтушының сөзін жұмсарту үшін қолданылады дей отырып, осы тұжырымды дамытады [9, 29 б.].

Эвфемизмдерді стилистикалық тұрғыда қарастыру мәтінде кездесетін эвфемизмдердің әртүрлі функциясын көрсетеді. Публицистикалық стильдегі мәтіндерде манипуляциялық, сенім орнатушылық, шындықты жасырумен ерекшеленсе, әдеби мәтінде сөздерді семантикалық жұмсартумен қатар өрнектеп, сөйлемдер мен сөздерде эстетикалық қызмет атқарады. Сонымен қоса, кейіпкер образын күшейтіп суреттеп, әдеби образды жасап, юморлық және көркемдік әсер береді.

Эвфемизмдердің функцияларына тоқталатын болсақ: интенсивті функция, коммуникативті әсерге қол жеткізу үшін эвфемизмдерді қолданумен ерекшеленеді. Осы функцияны саяси сөз сөйлеу барысында анық емес көрсету үшін, спикерге тиімді түрде ұсынуға көмектеседі. Соның нәтижесінде тыңдаушы адамдар тобы жаңылыстырып, сөз мағынасы бұрмаланып, манипуляциялық әсерге түсіреді.

Келесі политикадағы эвфемизмдердің қызметі әлеуметтік-реттеуші деп аталады. Бұл сөйлеу этикеті, қарым-қатынас нормалары, әлеуметтік конвенция осы қызметті қолдану кезінде көрініс береді. Бұл жағдайда эвфемизмдер жалпыға ортақ қоғам моделін құруға әрекет етеді. Политикалық дұрыстық терминінің орнына этикалық дұрыстық терминін қолдануды Ж.В. Асеев ұсынады [10, 8 б.].

Байланыс орнатқыштық қызмет, бұл дегеніміз сұхбаттасушымен сәтті қарым-қатынас орнатудың негізі. Жағымсыз әсер қалдырудан, түсінбеушіліктен аулақ болу эвфемизмдердің арқасында жүзеге асады. Спикердің коммуникативті мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын ақпаратты жасайтын функция.

Эмоционалды әсер етудің аспектісі болып келетін келесі функция экспрессивті-эмоционалды деп аталады. Эстетикалық функция көркем мағыналы, талғампаз сөздермен қолданылады [11, 40-41 б.].

Эвфемизмдердің барлық қызметтері дұрыс қарым-қатынас орнатуға негізделген.

Бүгінде БАҚ-та эвфемизмдерді қолдану аса кең таралған құбылыс. Соған байланысты эвфемизмдерді қажеттілігіне орай екі түрлі топқа бөліп қарастырады: пресске арналған және саяси-әлеуметтік немесе қызықты баспаларға арналған. Жеке адамға байланысты эвфемизмдер екінші типтегі басылым түрлерінде көп кездеседі. Олар адамның физикалық

жетіспеушілігіне, ауруларға, өлім, жас, физикалық жағдайға, интимдік қатынастарға қатысты тақырыптарда қолданылады. Саяси-әлеуметтік эвфемизмдер үлкен аудиторияны қамтитын БАҚ-та таралған: елдің ішкі және сыртқы мәселелері, экономикалық тұрақсыздық, халықтың өлім және өсім деңгейі, халықтың қаржылық жетіспеушілігі, білім және т.б. Бұл тақырыптар сапалы басылымдарда кездеседі, қандай да бір мәселені ашу үшін журналисттер мен эксперттер эвфемизмдерді қолданады, соған байланысты көп мәселе «көлеңкеде» қалады. Мысал ретінде баспасөздегі көптеген саяси лидерлердің, экономисттердің, социологтардың сөздерін, интервью, есеп беру, аналитикалық мақалалар мен репортаждарды келтіруге болады. Эвфемизм ұлттың мәдени, психологиялық, әлеуметтік бейнесінің көрсеткіші. Қазірде біз оны эвфемизмдердің барлық салада кездесетіндігінен көре аламыз.

Дегенмен, баспасөзде эвфемизмдер көбінесе қоғамдық, политикалық, экономикалық тақырыптарды қозғайтын, ақпарат беретін басылым түрлерінде көптеп кездеседі. Политикалық басылымдарда эвфемизмдер түрлі түсініспеушіліктерден аулақ болу үшін, оқырмандарға жағымсыз ақпаратты тілдік этикетті сақтай отырып нормаларға сәйкес жеткізу үшін қолданылады. Алайда мақала не басылым авторы өзінің ойын эвфемизациялағаны туралы атап өтпейді, бірақ кейбір сөздердің немесе сөз тіркестерінің тырнақшаға алынуы оның мағынасының тура емес, бұрмаланып не тікелей жеткізіліп тұрмауын білдіруі мүмкін.

Мәдениет пен тіл әрқашан бір-бірімен тығыз байланысты дамып отыратындықтан, оларды жеке алып қарастыру немесе мәдениетті тілді қарастырғанда атап өтпеу мүмкін емес. Әр ел немесе мемлекетте түрлі мәдениет пен дәстүр таралғаны секілді тіпті бір елдегі әр аумақтың өзіндік ерекшеліктері тілінде де көрініс береді. Сол себепті тіл мәдениетті қарастырудың құралы деуге болады. Лингвомәдениеттанудың объектісі ретінде кез келген тілдік бірлікті қарастыра аламыз. Осы жерде лингвомәдениеттану түсінігіне тоқталатын болсақ, Ж. Манкеева бұл ұғымға мынадай анықтама береді: «мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз, тіл – мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің ара қатынасы ерекше де маңызды, кез-келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, тілдің кумулятивтік қызметі арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізілетіні белгілі [12]». Лингвомәдениеттану саласының дамуы В. Н. Телия, А. Д. Арутю, В. В. Воробьева, В. А. Маслова, А. А. Потебня, т.б. зерттеушілердің еңбектерімен тығыз байланысты. Бұл ғылым саласының пәні ретінде тілдің белгілерінің семантикасын айтуға болады. Тілдің белгілері мәдени-ұлттық сипаттың көрсеткіші бола отырып, барлық халық өкіліне тән емес нормалармен ерекшеленеді.

Лингвомәдениеттану басқа да тіл білімінің салалары секілді көптеген лингвистикалық бағыттармен ұштасып жатыр, айтып өтетін болсақ, олар: этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвофольклористика,

этнопсихоллингвистика, елтану, т.б. Оның бағыттарына диахрондық, салыстырмалы, салғастырмалы, лингвомәдени лексикография және қандай да бір әлеуметтік топтың лингвомәдени зерттеулері кіреді. Біз төменде мысалдар келтіру барысында салыстырмалы және салғастырмалы лингвомәдениеттану бағыттарына сүйенетін боламыз.

Лингвомәдениеттануда жеке ғылыми зерттеу әдістерінің негізінде лингвомәдениеттанудың бірліктері қалыптасады. В. А. Маслованың пікіріне сүйенсек лингвомәдениеттану бірліктеріне 1) лексика мен лакуналар, 2) мифологиялық бірліктер: архетиптер мен мифологемалар, ритуалдар мен нанымдар, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар; 3) тілдің паремиологиялық қоры; 4) фразеологиялық сөздер; 5) стандарттар, стереотиптер; 6) метафоралар мен бейнелер; 7) стильдік құрылым; 8) сөйлеу тәртібі; 9) сөйлеу этикетін [13, 36 б.] жатқызады.

Қазақ баспасөзіндегі эвфемизмдердің лингвомәдениеттік сипатына назар аудару үшін көптеген мақалалар мен баспа беттеріне көз салған болатынбыз. Соның ішінде enur.kz ақпараттық порталынан алынған мақалада: «**қолының сұғанағы бар** абысынымнан шаршадым»: түркістандық келіншек туысынан жапа шегіп жүр» [14] деген сөйлемге тоқталатын болсақ, бұл сөйлем оқырманның назарын аудару үшін мақалаға тақырыпша ретінде алынған. Көбіне эвфемизмдік тіркестердің тақырыпшаға алынуының мәні - оның астарлы ойды көркем сөзбен жеткізуге көмектесетінінде екенін осы және өзге де мысалдардан байқауға болады. Жалпы қазақ сөздік қорында «**қолының сұғанағы бар**» деген тіркес ұры, ұрлықшы адамға айтылады. Анықтаманы дәлелдей түсу үшін ulagat.com сайтының анықтамасына сүйенсек, сұғанақ сөзі «қомағай, жымқырма» деген сөздерге синонимдес, ал «**қолының сұғанағы бар**» кез келген нәрсені алуға дайын тұратын, тіленгіш адамға айтылады. Бұл тіркес жиі қолданылатындығын, ұрлықшы деп дөрекі атамай, қанша дұрыс емес жасайтын адам болғанымен оның өзін сипайылап айтуы қазақ халқының қанында бар сыпайылықты көрсетсе керек. Айта кетерлік нәрсе бұл сөздің халық арасында және баспасөзде кең таралғаны ұрлықтың аса маңызды тақырыптар қатарынан орын алатынын көрсете отырып, ұлт санасында ұрлықтың болуын қалыпты етіп көрсетеді. Ал ағылшын тілінде бұл тіркеске **cat burglar**, **bad egg**, **behind one's back** эвфемизмдік тіркестері мәндес. Сонымен қатар бұл сөзге синонимдес сөздер қатарын ағылшын тілінде іздеу барысында 544 сөз қатары бар екенін байқадық. Мысалы: **burglar**, **robber**, **crook**, **mugger**, **brigand**, т.б. Ағылшын және қазақ тіл білімінде де ұрлықшы сөзінің баламалары көп екенін ескерсек, екі елдің де бірінші кезекте сөздік қорының байлығы мен әлеуметтік өміріндегі мәселелердің ұрлықпен байланысының жоғарылығын байқаймыз. Ал мәдени тұрғыда, әсіресе тәрбиеде ұрлық жасамауға үндейтіндей «лас» ұғымдардан аулақ болуға, бұл атауларды иеленуден алшақ болуға үндейтіндігі білінеді.

Келесі мысал барлық тілде бар сөздер қатарындағы өлім мәселесін қамтитын тіркестер мен ұғымдарға байланысты. Мысалы theguardian.com

сайтынан алынған мына сөйлемде «though woefully young by modern standards, 69 is a decidedly cheeky age to kick the bucket» [15] urbandictionary.com деректері бойынша **«to kick the bucket»** идиомасы өлу, қайтыс болу деген мағынаны білдіре отырып, бұл идиоманың тарихы ағылшын халқының өмірінде өз-өзіне қол жұмсау барысында төңкерілген шелекке мініп, асылып өлу процесінен туындаған ұғым деген де нұсқасы бар. Бұл жерден ел өмірінде өз-өзіне қол жұмсаудың кең таралған құбылыс екенін көре байқаймыз. Келесі бір деректерде орта ғасырларда Англияда мәйітті көмерде оның аяқ жағына қасиетті су қойып, оны келушілер мәйітке себетін болғандықтан шыққан деген де деректерде кездеседі. Ал бұл ақпарат Англия халқының дінге деген сенімін, дәстүрге деген құрметін сипаттайды [16]. Ал қазақ тіліне келетін болсақ, **«to kick the bucket»** тіркесіне балама бола алатын эвфемизмдік идиомалар мен тіркестер өте көп. Дәлел ретінде yassy-tur.kz ақпараттық порталынан алынған мысалды қарастырайық: **«...шырағы жанбай жатып сөнген** логистикалық орталықты эко базар алмастырмақ» [17]. **«Шырағы жанбай жатып сөну»** қазақ тілінде өлу, жастай қайтыс болды, ерте қайтты деген ұғымдармен алмастырылады. «Шырақ» сөзі қазақ халқының мәдениетінде аса зор мәнге ие, себебі, «шырақ» сөзі «үміт», «жарық» деген сөздермен мәндес. Халқымызда «шырағым» деп еркелету адамның сенгені, сәуле берер жарығы деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқының мәдениетінде шыраққа байланысты аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, тыйымдар кең таралған. Мысалы: «қыз — қырық шырақты», «шырағың өшпесін, бақытың көшпесін», «жақсыдан жаман туса, шам-шырағының өшкені», т.б. [18].

Қорытындылай келе, баспасөздегі эвфемистік номинациялардың көптігіне көз жеткізе отырып, олардың лингвистикалық мәні тыйым салынған, қажетсіз және өткір өрнектерді ауыстыру болып табылатынын байқаймыз. Баспасөздегі эвфемизмдердің функционалдық ерекшеліктері: эвфемистік(сөздерді „жұмсарту“), қарқындылық (терең әсер ету), әлеуметтік-реттеуші (әлеуметтік тұрғыда маңызды сөздерді жеткізу), байланыс орнатушы (диалог кезінде ойды жеткізу), экспрессивті-эмоционалды (эмоцияны жеткізу), эстетикалық (ойды әдемі бере алу) және прагматикалық (мағынаны бере алу). Сонымен қоса, эвфемизмдер бүтін бір халықтың ерте ғасырлардан бастау алатын мәдениетінен хабар береді. Қазіргі заманда бұқаралық ақпарат құралдары эвфемизация процесіне жиі жүгінетін салалардың бірі болып табылады. Бұның бір жақсы тұсы ақпараттың өңделіп, еш негативті әсерсіз жететіндігі болса, басқа жағынан алып қарасақ, оқырмандар үшін ақпараттың бұрмаланып, белгілі бір мақсатта көптеген адамдарға байқатпай манипуляция жасалатындығында.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ruccella L. L'économiquement correct: analyse du discours euphémique sur la crise dans la presse française et italienne // Thèse en cotutelle internationale en vue de l'obtention du grade de Docteur en Sciences du Langage

2. Enright, D.J. Fair of Speech: The Uses of Euphemism. Oxford Univ. Press, 1985
3. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. –А., 1995. – 204 б.
4. Ахманова О.С. Терминология лингвистическая // Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. – 576 б.
5. Обвинцева, О.В. Политический эвфемизм как средство языкового воздействия в газетном тексте // Перевод и межкультурная коммуникация / материалы международной научно-практической конференции / Институт международных связей. - Екатеринбург, 2003.
6. Гальперин И.Р. Стилистика английского языка. 3-е изд. — М.: Высшая школа, 1981. — 316 с.
7. Скребнев, Ю.М. Основы стилистики английского языка: учебник для интов и фак. иностр. яз. (ағылшын тілінде) / Ю.М. Скребнев. – 2-е изд., испр. – М.: ООО «Издательство Астрель», ООО «Издательство АСТ», 2003. – 221 с.
8. Ә.Хасенов. Тіл білімі. – А., 1996.
9. Кошкова М. Л. Семантика и прагматика эвфемизмов. Краткий тематический словарь русских эвфемизмов – М.: Гнозис, 2007. – 320 с.
10. Асеева Ж. В. Лексические средства выражения идеологии политической корректности в современном английском языке: дис. ... канд. филол. наук. Иркутск, 1999
11. Вестник ТГПУ, 2014. 4(145) Н. А. Резникова, А. С. Пташкин «Функциональные особенности эвфемизмов в политическом дискурсе» (на материале выступлений Американских и Британских политиков)
12. <https://melimde.com/lingvomedeniettanu-filimini-aliptasui-men-damui.html>
13. https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Linguist/maslova/02.php
14. <http://ernur.kz/oqiga/kolynyn-sughanaghy-bar-abysynymnan-sharshadym-turkistandyk-kelinshek-tuysynan-zhapa-shegip-zhur>
15. <https://www.theguardian.com/commentisfree/2015/dec/08/holly-woodlawn-transgender-icon-struggle#:~:text=Though%20woefully%20young%20by%20modern,of%20her%20having%20a%20laugh.>
16. <https://www.urbandictionary.com/define.php?term=Kick%20the%20Bucket>
17. <https://yassy-tur.kz/?p=25109>
18. <https://turkystan.kz/article/62654-shyra-y-zhanyp-t-rsyn/>

ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМУДЫҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ахметова Г.С.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты

Аңдатпа: Аталмыш мақала лексиканы оқыту мен оқудың лингводидактикалық мәселелерін қарастырады. Оқушыларды лексиканы оқытуда кездесетін қиындықтар мен кедергілерін жеңу барысында лексиканы прагматикалық және синтагматикалық байланыс негізінде оқытудың және лексикалық-семантикалық сызбаларды қолданудың маңыздылығы сипатталған. Лексика-семантикалық сызбалар шет тіліндегі сөздерді меңгеру мен сөйлеу дағдыларын дамытуға тиімді әсері баяндалған.

Түйін сөздер: лингводидактика, лексика, лексика-семантикалық сызба, лексикалық құзыреттілік, вокабуляр, прагматика.